	Жоғары (немесе жоғары оқудан кейінгі) білім және арнайы бағдарлама бойынша оқу.	Құқық қорғау органдарында немесе мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі кемінде 1 жыл.

2. Ықтимал жұмыс орындары. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженердің еңбек жағдайларына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)		Барлық меншік нысанындағы ұйымдар мен кәсіпорындар.
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		-
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары		-
ҰБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
5 (Санаты жоқ)	Тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіби білім.	Жұмыс тәжірибесі 1 санаттағы техник қызметінде кемінде 3 жыл.
	Тиісті мамандық бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі.	Жұмыс тәжірибесіне талап қойылмайды.
5 (II санаттағы)	Тиісті мамандық бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі.	Жұмыс тәжірибесі еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау жөніндегі санаты жоқ инженер лауазымында кемінде 3 жыл.
5 (I санаттағы)	Тиісті мамандық бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі.	Жұмыс тәжірибесі еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау жөніндегі II санаттағы инженер лауазымында кемінде 2 жыл.

3. Ықтимал жұмыс орындары. Еңбекті қорғау бөлімі бастығының еңбек жағдайларына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)		Барлық меншік нысанындағы ұйымдар мен кәсіпорындар.
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		-
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары		-
ҰБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
6	Тиісті мамандық бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы жұмыс тәжірибесі кемінде 3 жыл.

4. Ықтимал жұмыс орындары. Қауіпсіздік қызметі бастығының еңбек жағдайларына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

--	--

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)		Барлық меншік нысанындағы ұйымдар мен кәсіпорындар.
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		-
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары		-
ҰБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
6	Тиісті мамандық бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.	Құқық қорғау органдарындағы жұмыс тәжірибесі кемін, 5 жыл.

5. Ықтимал жұмыс орындары. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі бас техникалық басқарушының еңбек жағдайларына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)		Барлық меншік нысанындағы ұйымдар мен кәсіпорындар.
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		-
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары		-
ҰБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
6	Мамандық бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) техникалық білім.	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы жұмыс тәжірибесі кемінде 5 жыл.

«Еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі кәсіби стандартына 3-қосымша

КС бірліктерінің тізбесі

1. «Қауіпсіздік қызметінің маманы» еңбек қызметінің түрі (кәсібі)

Шифр	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарт бірліктері)
Ф 1	Арнайы қорғану іс-шараларын жүргізуді ұйымдастыру.
Ф 2	Ұйымда қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларын іске асыру.
Ф 3	Қызметкерлердің және келушілердің қауіпсіздік режимінің талаптарын сақтауын бақылау.

Ескертпе: Ф - функция

2. «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженер» еңбек қызметінің түрі (кәсібі)

Шифр	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарт бірліктері)
Ф 1	Қызметкерлерге еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту және нұсқама жүргізу.
Ф 2	Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды және қызметкерлер денсаулығының өзге де зақымдануларын тергеп тексеру құжаттарын ұйымдастыруды ресімдеу.
Ф 3	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ережелердің, нормалардың, стандарттардың енгізілуі ішкі бақылауды жүзеге асыру.
Ф 4	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі жергілікті нормативтік құжаттарды әзірлеуге қатысу.
Ф 5	Кәсіпорында салауаты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға ішкі бақылау.

3. «Еңбекті қорғау бөлімінің бастығы» еңбек қызметінің түрі (кәсібі)

Шифр	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарт бірліктері)
Ф 1	Ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі жұмыс ұйымдастыру және үйлестіру, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ішкі бақылауды жүзеге асыру.
Ф 2	Өндірістік учаскелерде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын сақтау бөлігінде нормативтік құжаттарды әзірлеуді ұйымдастыру.
Ф 3	Өндірісте жазатайым оқиғаларды тергеп тексеруді ұйымдастыру.
Ф 4	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша қызметкерлерді дайындауды ұйымдастыру.
Ф 5	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі жағдайларды жақсарту бойынша ұйымдастырушылық-техникалық іс-шараларды қамтамасыз ету.

4. «Қауіпсіздік қызметінің бастығы» еңбек қызметінің түрі (кәсібі)

Шифр	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарт бірліктері)
Ф 1	Объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде іс-шараларды басқару.
Ф 2	Объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін заманауи қорғаныс құралдарын енгізу.
Ф 3	Заманауи жағдайларда қауіпсіздік қызметінің мамандарына талаптар.
Ф 4	Қауіпсіздік жөнінде қызмет көрсету спектрін кеңейту.

5. «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі бас техникалық басқарушы» еңбек қызметінің түрі (кәсібі)

Шифр	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарт бірліктері)
Ф 1	Еңбекті қорғауды басқару жүйесін әзірлеу және қызмет ету.
Ф 2	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ұйымдастыру мен бақылау.
Ф 3	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы құжаттамаларды әзірлеуде ұйымдастыру.

«Еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі қызмет» кәсіби стандартына
4-қосымша

КС бірліктерінің сипаттамасы (функционалдық картасы)

1. «Қауіпсіздік қызметінің маманы» еңбек қызметінің түрі (кәсібі)

Шифр	Біліктері мен дағдылары	Білімі	Жеке және кәсіби құзыреттері
Ф 1	Кәсіпорынды құқықтық, ұйымдастырушылық қорғау және коммерциялық құпияны қорғау бойынша жұмыстар жүргізу. Қауіпсіздік режимін қамтамасыз ету мақсатында персонал арасында қосымша лауазымдық міндеттерді бөлу бойынша жұмысты ұйымдастыру. Ішкі объектілік өткізу режимін ұйымдастыру және қамтамасыз ету және осындай жағдайда тиісті персоналға өкілдік билік беру. Кәсіпорынның коммерциялық құпиясын құрайтын мәліметтеріне және жұмыстарына оларға негізсіз рұқсатты және қолжетімділікті болдырмау.	Қазақстан Республикасының еңбек кодексі. Күзет қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер. Қауіпсіздік қызметі мәселелері жөніндегі нормативтік актілері. Кәсіпорын объектілерінің, оның персоналының және коммерциялық құпия болып табылатын ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыру принциптері. Объектілерді, ақпараттарды рұқсатсыз қол жеткізуден қорғаудың техникалық құралдарының сипаттамасы.	Айналадағы жағдайларға оқиғаларға бағдар. Қысылтаяң жағдайларда жұмыс істеу қабілеті. Кәсіби жетілуге талпыну. Сабырлы болу. Қызметкерлер өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша дербес шешім қабылдай білу қабілеті. Кәсіпорын қауіпсіздігінің бұзылу қаупі төнген жағдайда шешім қабылдауға жауапкершілігі. Қабылданатын шешімдердің нәтижесін болжай білу қабілеті. Адамдармен байланыс орнату қабілеті. Қысқ мерзімде проблемалық жағдайларды шешуге дайындығы. Өз қызметін
Ф 2	Персоналды қауіпсіздік мәселелері жөнінде оқыту және тренинг жүргізу. Коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді жариялау туралы міндеттемені ресімдеу. Жаңадан қабылданған қызметкерлермен олардың бейімділігін білу және оларға негізгі міндеттеріне кәсіпорынның қауіпсіздігі жүйесінде қосымша міндеттерді жүктеу мақсатында әңгімелесу жүргізу. Ерекше қолжетімділік режиміндегі мәліметтерді алуды болдырмайтын іс жүргізудің арнайы режимін ұйымдастыру. Кәсіпорын қауіпсіздігінің бұзылу қаупі туындаған жағдайда персонал іс-қимылының әдістемесін әзірлеу.	Техникалық құралдардың сипаттамасы (сигнал беру, байланыс, ақпаратты қорғау жүйелері). Объектілердегі режим жөніндегі ішкі құжаттардың әзірлемелеріне қойылатын талаптар. Кәсіпорынның ресурстарына (қ а р ж ы , тауарлық-материальдық ақпараттық) қол жеткізу жөніндегі нұсқаулықтар. Ерекше бағалы тауарлық-материальдық, қаржылық және өзге де ресурстарды сүйемелдеу ережелері.	
	Қаскүнемдер мен бәсекелестердің заңсыз әрекеттерін зерттеуді ұйымдастыру. Қорғалатын аумаққа белгісіз адамдардың		

Ф 3	<p>рұқсатсыз кіруін анықтау және оқшаулау, қажетіне қарай милиция жасағын шақыру. Мәліметтердің жариялануы құжаттардың, құндылықтардың жоғалғаны және кәсіпорынның тағы басқа қауіпсіздігінің бұзылғаны жөнінде қызметтік тергеуді ұйымдастыру және жүргізу. Ерекше бағалы (ақшалай, тауарлық-материалдық, ақпараттық) ресурстарды сондай-ақ кәсіпорынның ерекше маңызды қызметкерлерін олардың қауіпсіздігіне қауіп төнген жағдайда сүйемелдеуді ұйымдастыру. Кәсіпорынның қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша талаптарды бекіту мақсатында негізгі құжаттарды (нұсқаулықтар, қағидалар, ережелер) әзірлеуге қатысу. Кәсіпорынның қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде құқықтық іс-шараларды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу. Режимнің бұзылуына есеп жүргізу және талдау.</p>	<p>Қауіпсіздік жөнінде нұсқамаларды жүргізу, бақылау іс-шараларын жүргізу әдістемелері. Объектілерді, ақпараттады, кәсіпорын қызметкерлерін қылмыстық озбырлықтан қорғау тәсілі.</p>	<p>уақытын жоспарлай біл қабілеті. Жігерлі қасиетті дамыған. Физикалық дайындығы өте жақсы.</p>
-----	---	--	---

2. «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженер» еңбек қызметінің түрі (кәсібі)

Шифр	Біліктері мен дағдылары	Білімі	Жеке және кәсіби құзыреттері
Ф 1	<p>Ұйымда (ішкі оқыту үшін) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша сабақ өткізуге арналған оқу материалдарын дайындау. Заманауи техникалық оқыту құралдарын пайдалану (тренажер, мультимедиа құралдары және басқа). Жұмысқа жаңадан қабылданатын барлық қызметкерлерге еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқама жүргізу. Кіріспе нұсқаулық жүргізу бағдарламасын әзірлеу және оны жұмыс берушінің бекітуі.</p>	<p>Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы; Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, нұсқама беру және олардың білімдерін тексеру қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы; нұсқамалардың, тағылымдамалардың мазмұны, түрлері, ерекшеліктері, еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі және дәрігерге дейін көмек көрсету жөнінде оқыту.</p>	
Ф 2	<p>Өндірістегі жазатайым оқиғаларды және кәсіптік ауруларды тергеп-тексеру жүргізу жұмыстарына қатысу. Өндірістегі жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру құжаттарын рәсімдеу және сақтау.</p>	<p>Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды және қызметкерлер денсаулығының өзге де зақымдануларын тергеп тексеру мен есепке алу білімі; өндірістегі жазатайым оқиғаларға байланысты құжаттардың нысандарын бекіту туралы үлгілері.</p>	
	<p>Еңбекті қорғау мәселелері бойынша қызметкерлерге нұсқамалардың (жұмыс орнындағы алғашқы, қайталама,</p>		

Ф 3

жоспардан тыс, нысаналы) жүргізілуін бақылау. Ұйымның өндірістік құрылымдық бөлімшелеріндегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды сақтауды бақылауды жүзеге асыру. Ұйымның қызметкерлеріне арнайы киім мен аяқ киімі беруді, жеке қорғану құралдарын, емдеу-профилактикалық тағамдарымен, сүтпен және басқа тең өнімді тағамдарды уақтылы беруді және толық қамтамасыз етуді бақылау. Жабдықтардың жағдайына сынақтар мен техникалық куәландырудың уақтылы жүргізілуін бақылау. Еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауды жақсарту іс-шараларын іске асыруға бөлінген қаражаттың нысаналы пайдалануын бақылауды жүзеге асыру. Қызметкерлердің еңбекті қорғау талаптарын бұзбауының алдын алу үшін әңгімелесу жүргізу. Еңбекті қорғау талаптарының бұзылуын жол берген тұлғаларға нұсқама беру және бұзушыларды тәртіптік жазаға және ықпал ету шараларына тарту үшін тиісті қызметтік хаттар (мәлімдеме) дайындау. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі қолданыстағы нормалардың, ережелер мен нұсқаулықтардың, өндіріс процессінде еңбек қауіпсіздігі стандарттарының сақталуын бақылау. Қызметтік және тұрмыстық бөлмелерді қарап тексеру. Арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқа жеке қорғану құралдарын сатып алудың, сақтаудың, жуудың, химиялық тазалаудың, кептірудің, шаңнан арылтудың, зиянсыздандыру мен жөндеудің ұйымдастырылуын бақылау. Тиісті қызметтердің құрал-жабдықтарды, машиналар мен механизмдерді қажетті сынақтардан және техникалық куәландырулардан уақытында өткізуін, қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың параметрлерін өлшеу кестесінің сақталуын бақылауы.

Жұмысшы кәсіптер бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі оқу бағдарламасын әзірлеу және жұмыс берушінің бекітуі. Ұйымда еңбекті қорғаудың мемлекеттік нормативтік талаптарына, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкес еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды басқару жүйесін әзірлеуге және қолданылуын бақылауға қатысу. Еңбекті қорғауды басқару жүйесіндегі (

Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге сүт, емдік-профилактикалық тағам, арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқа да жеке қорғану құралдарын беру, ұжымдық қорғану құралдарымен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету қағидаларын; ұйымдағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі жөніндегі үлгілік ереже; ұйымда құралды пайдалану ерекшеліктері және еңбек функцияларын орындуда қажетті өзге де құқықтық нормативтік актілер.

Ұйымның стратегиясы саясаты және мақсаттар шеңберінде еңбек жән оқу қызметі процессін е басқару және бақылау; қабілеттілігі, проблемаларды талқыла қорытындыны дәйекте және ақпаратты сауатт пайдалану; жоғары жауапкершілік, тәртіпті жұмысқа қабілеттілік, эмоционалдық тұрақтылық қасиеттерін ие болу; басқаларды жұмысына басшылық ет бөлімшелер арасында үйлестіруді жүзеге асыр жұмыстың нәтижелерін жауапты болу, өзін оқы және басқаларды оқыту.

Еңбекті қорғаудағы басқарма жүйесін регламенттейтін ұлттық, мемлекет аралық және

Ф 4	<p>ЕҚБЖ) ақпарат ағымы қозғалысының схемасын әзірлеу. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді жергілікті құжаттамаға бейімдеуге және енгізуге қажетті талаптарды, рәсімдерді, регламенттерді бөлу бөлігінде қ о л д а н у .</p> <p>Жергілікті құжаттарды дайындау кезінде озық тәжірбелерді ескеру. Еңбекті қорғау жөніндегі түрлі ақпараттық, оның ішінде құжаттар, материалдар мен ақпарат қамтылған материалдарды, мазмұны әр түрлі құжаттарды, соның ішінде құқықтық анықтамалық-ақпараттық әр-алуан жүйелерді қолдану. Кәсіптік аурудың және өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алу, еңбек жағдайларын жақсарту бойынша іс-шараларды әзірлеуге қатысу. Ұжымдық шарттың еңбек жағдайларын және еңбекті қорғауды жақсарту бойынша іс-шараларды дайындау бөлігіндегі бөлімдерін, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі келісімдерді жасауға қатысу.</p>	<p>едәуір дамыған шетелдік стандарттар (ЕҚБЖ құжат айналымы); еңбекті қорғау саласындағы жергілікті құжаттардың түрлері (ЕҚБЖ); міндетті және ерікті жүргізудің жергілікті жазба үлгілері және қолданылуы (журналдар, актілер және т.б.); ұйымдарда іс жүргізу жұмысын жүргізу - әзірлеу, келісу, құжаттарды бекіту; еңбекті қорғау мәселелері бойынша жергілікті құжаттарды әзірлеу кезінде пікірлерді есепке алу және келісу тәртібі.</p>
Ф 5	<p>Жұмысқа қабылданған кезінде міндетті алдын ала және мерзімдік медициналық тексерілуге және рейс алдындағы (рейстен кейін) және ауысым алдындағы (ауысымнан кейін) медициналық қарап тексерілуге тиіс қызметкерлердің құрамын айқындау жұмысына қатысу және ұйымдастыру. Аттестация өткізу жөніндегі комиссия құру туралы бұйрықтың және өндірістік объектілерде аттестатталуға тиіс жұмыс орындарының санын анықтау бұйрықтарының жобасын дайындау. Бөлімшелердің еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі жұмыстарына озық үлгілі жұмыс тәжірибесін енгізу. Мертігу немесе өзге де зақымдардың салдарынан қызметкерге келтірілген зиянды өтеу мәселелерін қарауға қатысу. Өндірістік жаракаттанудың, кәсіби аурулардың себептерін талдауға қатысу және оларды болдырмау бойынша іс-шаралар әзірлеуге қатысу.</p>	<p>Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қызметкерлер құқықтарының кепілдіктері; өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша міндетті мерзімдік аттестаттау қағидалары; міндетті медициналық тексеріп-қарау өткізілетін зиянды өндірістік факторлардың, кәсіптердің тізбесін; міндетті медициналық тексеріп-қарауды өткізу ережелері; ауысым алдындағы медициналық куәландырудан өту талап етілетін кәсіптердің тізімі.</p>

3. «Еңбекті қорғау бөлімінің бастығы» еңбек қызметінің түрі (кәсібі)

Шифр	Біліктері мен дағдылары	Білімі	Жеке және кәсіби құзыреттері

Кәсіпорын қызметкерлері арасында еңбекті қорғауды басқару жүйесінің элементтерін ұйымдастыруға өкілеттік пен жауапкершілікті (бұйрық пен жарлықтар бойынша) бөлу. Ұйымдағы бөлімшелер мен мердігерлер арасындағы еңбекті қорғау қызметін үйлестіру. Еңбекті қорғауды басқару жүйесін сертификаттауды ұйымдастыру. Ұйымда еңбекті қорғауды басқару жүйесінің барлық элементтеріне мерзімдік тексеру жүргізу тәртібін а й қ ы н д а у .

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің қызметкерлерін бақылау. Жұмыс орындарындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайы туралы қызметкерлерге хабарлау. Ұйымның қызметкерлерін арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа жеке қорғану жабдықтарымен, емдік – профилактикалық тағаммен, сүтпен және оған теңестірілген басқа да азық-түлікпен дер кезінде және толық қамтамасыз етілуін бақылауды ұйымдастыру. Еңбек жағдайларын, қауіпсіздігін және оны қорғауды жақсарту жөнінде іс-шараларды іске асыруда қаражаттың нысаналы пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыру. Еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарын аттестаттау жөніндегі комиссияның жұмысына қатысу. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында айқындалған бұзушылықты жоюды бақылау. Қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын бақылау. Жарақаттану және кәсіптік аурулардың алдын алу. Кабинетті еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қажетті әдістемелік құжаттамамен қамтамасыз ету. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі оқытуды ұйымдастыру. Ұйымдағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелері туралы хабарлау. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша медицина ұйымдарымен, ғылыми-зерттеу және басқа да ұйымдармен байланысты жүзеге асыру, олардың ұсынымдарын енгізу үшін шаралар қабылдау. Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіпті жекелеген учаскелерді, машиналарды, механизмдер мен станоктарды анықтау. Еңбек жағдайларын жақсарту үшін кешенді

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы; өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша міндетті мерзімдік аттестаттау ережелері; ұйымдағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі жөніндегі үлгілік ережелері.

Ресурстарды жоспарлау және бөлімшелер арасында бөлуге қатыс басқалардың кәсіби дамуына жауапкершілі қабылдау қабілеті; стратегиялық ойлау жүйелік, жоспарлылық оқиғаны» алдын ала көп білу); қарамағындағы

	<p>жоспар әзірлеу және оның орындалуын бақылауды жүзеге асыру. Қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауға қатысты ұсыныстарын, хаттарын, өтініштерін, шағымдарын қарау. Өндірістік жарақаттану, кәсіптік ауырулардың себептерін талдауға және оларды болдырмау жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге қатысу. Ұжымдық қорғану құралдарының іс-қимылдарының тиімділігін бағалау. Өндірістік жабдықтарға (басқару және бақылау органдары, конструкция элементтері), коммуникацияға, ұйымның аумақтары, ғимараттарына, құрылыстарына, белгіленген талаптарға сәйкес басқа да объектілерге сигналдың түстері, таңбалар мен белгілер қою.</p>		<p>қызметкерлерді уәждебілу; командада жұмыс істеу қабілеттілігі; басқа адамдардың қызметін басқару қабілеті өз жұмысының нәтижесіне жауапкерші; ; аналитикалық ойлау жүйесі; жүйелеп ойлау сабырлық; жұмысқа деген жоғары қабілетті командада жұмыс істеу шеберлігі басқа адамдарды оқытуға шеберлік және оларды оқуға деген уәждемелер күшейту; нәтижеге қолжеткізу бастамашыл; ; қарым-қатынасқа бейімділік; іс-әрекетті нақты жоспарлау; мақсатқа ұмтылуға табандылық.</p>
Ф 2	<p>Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы Мемлекеттік нормативтік талаптарға, мемлекетаралық және ұлттық стандарттардың ұсынымдарына сәйкес ұйымда еңбекті қорғауды басқару жүйесін әзірлеуге қатысу. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу және олармен ұйымның бөлімшелерін қамтамасыз ету. Ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы жұмысы туралы белгіленген нысан бойынша есептеулердің жұмысы туралы жиынтықты, ақпараттардың, анықтамалардың уақтылы жасалуы мен тапсырылуын бақылау және ұйымдастыру. Ұжымдық келісім шарттағы «Еңбекті қорғау» бөлімін құруға және оның орындалуына бақылауды жүзеге асыруға қатысу. Өндірісте қауіпсіз және дұрыс еңбек жағдайларын жасау мен қамтамасыз ету және өндірістік жарақаттанудың алдын алу бойынша құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастыру-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық, оңалту, емдік-профилактикалық кешенді іс-шараларын әзірлеу және жүзеге асыру.</p>	<p>Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту ережесі; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша әдістемелік құжаттар; ұйымның құрылымдық және өндірістік құрылымы, өндірістің негізгі техникалық процесстері, негізі және режимі; ұйымның жабдықтары және оның жұмыс істеу қағидаты; жұмыс орындарында еңбек жағдайларын зерттеу әдістері. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау іс-шараларының орындалуы туралы есептілік жасау тәртібі және мерзімдері.</p>	
Ф 3	<p>Өндірістегі жазатайым оқиғаларды және кәсіптік ауруларды тергеп-тексеру жүргізу жұмыстарына қатысу. Өндірістегі жазатайым оқиғаларды талдау және олардың алдын алу бойынша шаралар әзірлеу.</p>	<p>Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды және қызметкерлер денсаулығының өзге де зақымдануларын тергеп тексеру және есепке алу тәртібі; өндірістегі жазатайым оқиғаларға байланысты құжаттардың нысандарын бекіту ережесі.</p>	

Ф 4	<p>Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі қағидалармен және нұсқаулықтармен еңбекті қорғаудың мемлекеттік нормативтік талаптарын басшылыққа ала отырып, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қызметкерлерді оқытудағы қажеттілікті анықтау. Нұсқама жүргізудің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, жұмыстарды орындаудың қауіпсіз тәсілдері, алғашқы көмек көрсету бойынша оқытудың кестесін жасау. Кәсіпорындарда еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғау жөніндегі кіріспе нұсқамаларды жүргізу үшін қажетті плакаттармен, оқу-құралдарымен, басқа да техникалық құралдармен жабдықталған және жарақталған кабинеттерді ұйымдастыру.</p>	<p>Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, нұсқама беру және олардың білімдерін тексеру қағидалары мен өткізу мерзімі; оқыту технологиясы, нысандары, құралдары, түрлері мен әдістері; еңбекті қорғау және қауіпсіздігі бойынша нұсқаманың түрлері нысандары, олардың ерекшелігі; нұсқама жүргізгенде қолданылатын техникалық еңбек құралдар; еңбекті қорғау, лауазымдар (кәсіптер) және орындалатын жұмыс түрлері бойынша қағидалар, үлгілік нұсқаулықтарда жазылған еңбекті қорғау талаптары.</p>
Ф 5	<p>Өндірістік жарақаттану, кәсіптік ауруларды алдын алу бойынша профилактикалық жұмыс.</p> <p>Ұжымдық қорғаудың жаңа құралдарын барлық тиісті сипаттамалармен талаптарға сәйкес таңдауды және сатып алуды, олардың уақтылы ауыстырылуын жүзеге асыру.</p> <p>Қызметкерлерге зиян келтіретін өндірістік факторлар мен еңбек процессінің факторларын, кәсіптік тәуекелдерді төмендететін (болдырмайтын), жеке қорғану құралдарын қолдану тиімділігін арттыратын, өндірістегі жарақаттардың, (микрожарақаттар) кәсіптік аурулардың, авариялардың, оқыс оқиғалардың алдын алатын тиімді және экономикалық негізделген іс-шараларды әзірлеуге қатысу.</p>	<p>Қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың тізбесі және олардың қызметкерлердің денсаулық жағдайына әсері; жұмыс түрлеріне, өндірістік жабдықтарға (оны орналастыруға) материалдарға белгіленген қауіпсіздік талаптары; өндірістік процесстердің және өндірістегі операциялардың схемасы; өндірісті механикаландыру және автоматтандыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру; еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі техникалық іс-шаралардың құрылымы мен мазмұны.</p>

4. «Қауіпсіздік қызметінің бастығы» еңбек қызметінің түрі (кәсібі)

Шифр	Біліктері мен дағдылары	Білімі	Жеке және кәсіби құзыреттері
Ф 1	<p>Кәсіпорын объектілеріне ұрлықтан, қымқырудан және басқа да қылмыстық озбырлықтан, өрттен, апаттан, вандализм актілерінен, табиғи апаттардан, қоғамдық тәртіпсіздіктерден сенімді қорғаныс қамтамасыз ету. Қорғалатын объектілерге рұқсатсыз қолжеткізу және ену әрекеттерін болдырмау. Қауіп-қатерді көрсету және қорғалатын объектілерге тікелей шабуыл</p>	<p>Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы; қорғау қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілері; қауіпсіздік қызметі мәселелері жөніндегі нормативтік актілері. Ұйымның құрылымы және</p>	<p>Объектілерді қорғау жәе қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде әдістер мен құралдарды дербес таңдау</p>

	немесе кірудің зиянды салдарын жоюға қатысу.	ерекшелігі; ұйымның қорғау объектілерін ұйымдастыру қағидалары.	қабілеті. Басқару кәсібилігін арттыру. Мінездің жігерлі қасиетінің болуы. Оқу және жаңалық ашуға бейімделуі. Қиын жағдайларда ақталған тәуекелге және әрекеті дайындығы. Істер мүддесінде жеке салтылықты, регламенттілікті, амбицияларын бұза отырып оқиғалық ағым еру. Экстремалдық жағдайларда интуициял барабар шешімдер қабылдау. Жеңілуді сезбей және ұтылуға ұстамды қарау. Кез-келп сыртқы жағдайларда әріптестердің кез-келге мінез-құлқына, төтенш жағдайларға, сондай-а өзіннің ниетін сақтай біл Бүтінді ерекшелену және оның бөліктеріндегі ұсақты көру қабілеті Сабырлы болу. Өзінің күшіне сену. Адами шектеулерге шыдамды . Жоба жасауда табиғ жылдамдықты және өзі командасындағы, өзінде өзгерістерді қабылдау қ а б і л е т і . Интуициялық және жылдам түрде істің мән түсіндіру және оның маңызды жақтарын белгілеу шеберлігі. Жүйелі ойлау, команда жұмыс істеу және көшбасшы қабілеттерін болуы. Өз қызметінің уақытын жоспарлау қабілеті. Физикалық дайындығы өте жақсы Басқа адамдарды қорқынышсыз қолдау және аяушылықсыз рақымды болу қабілет Қысқа мерзімде проблемалық
Ф 2	Қауіп-қатерге сай келетін қорғаныс құралдары мен күзет режимдерін енгізу. Мобильдік топтардың дабыл елеуімен қоса заманауи қорғау жабдықтарын және жүйесін (дабыл кнопоксы) орнатуды ұйымдастырған және кешенді қызмет көрсету. Дыбыс-бейнедомофондар, периметр күзеті, бейне бақылау жүйесі, күзеттік-өрт сигнал беру құралдарын қолдану. Бөлімшелерді жасырынды бейнебақылау, дыбыс есту құралдардан тазарту, байланыс түрлерінің барлығынан қорғау шараларын жүргізу. Қызметті тиімді заманауи байланыс құралдарымен, белсенді және енжар қорғаумен (сонымен қатар заңнамамен сәйкес дәрімен атылатын), арнайы көлікпен жабдықтап қамтамасыз ету.	Қол жеткізуге рұқсат етілмеген объектілерді қорғаудағы техникалық құралдардың сипаттамасы. Қорғалған объектілерді қылмыстық озбырлықтан қорғау тәсілі. Қылмыскерлермен келіссөз жүргізу кезіндегі және стратегия тәсілі. Байланысқа кіру және эфирде өзін ұстау ережелері. Ақпараттарды рұқсатсыз қол жеткізуден қорғаудың техникалық құралдарының сипаттамасы.	
Ф 3	Қорғалатын объектілердің қызметшілерінің адалдығын бағалауды және тексеруді жүзеге асыру. Қол жұмсайтын ұрыс және өзін-өзі қорғау тәсілдерін, жеке қорғану құралдарын, суық және атыс құралдарын жетік игеру. Қорғалатын объектілерде әр түрлі байланыс түрлерін қолдана білу. Қорғалатын объектілерде күрделі емес техникалық сигнал беру және байланыс ақаулықтарын жою және оларды табу шеберлігі. Жараланған, жарақаттанған жағдайда медициналық жедел көмек көрсету. Профилактикалық, жөндеу және тағы басқа жұмыстарды жүргізу кезінде қатал бақылау-рұқсатнама режимінің сақталуын қамтамасыз ету. Қорғалатын объектілерде қылмыстық, озбырлық жағдайларға тергеу жүргізуде құқық қорғау органдары мен басқа да мемлекеттік органдарға барынша көмек көрсету. Меншік иелерінің мүліктерін және объектілерді кешенді қорғауды жүзеге асыру, жүктерді және жеке басты тұлғаларды қорғау, кезең-кезеңімен жол бағытын, соның ішінде таяу және қиыр шетел жол бағытын бақылау, объектілерге жедел бақылау жүргізу, шапшаң елеу мобильдік топтарға инспекциялық бақылау, бұқаралық шаралар өтетін орындарда қауіпсіздікті және тәртіпті қамтамасыз ету.	Тауарлық-материалдық қабылдау ережелері, сүйемелдеу, құндылықтарды тапсыру. Байланыс түрлері және мақсаты. Кәсіпорынның жекелеген қызметкерлерін сүйемелдеу ережелері. Қоян-қолтық ұрыс және өзін-өзі қорғау тәсілдері. Жеке қорғану құралдары суық қару, атыс қаруы. Қолданылатын техника және технология, өндірістік (қызмет көрсету) және жабдықтауды ұйымдастыру есептеуші техника коммуникация және байланыс құралдары.	
	Жеке тұлғаларға дербес қауіпсіздік қызметін беру және құпия тапсырмаларды орындау. Қысылтаяң жағдайларда жүріс тұрыс мәселелер ит асыраушылық және қызмет	Отандық және шетелдік заманауи техника (сигнал беру,	

Ф 4	иттерін үйрету бойынша консультация жүргізу, ақпарат және жаңа технологиялар бөлімінің қызметін ұсыну. Тиісті мемлекеттік органдарда қажетті лицензияларды, рұқсаттарды және есеп құжаттарын алуды ресімдеу. Қорғау қызметіне тапсырыс берушімен шарт жасау және олардың сапалы, уақытында орындалуын қамтамасыз ету.	байланыс жүйесі және т.б.), оларды пайдаланылатын күйде ұстау. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасының талаптары. Өрт қауіпсіздігінің талаптары.	жағдайларды шешуге ұмтылу. Бір қызметте екінші қызметке ауыс қабілеті.
-----	---	---	--

5. «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі бас техникалық басқарушы» еңбек қызметінің түрі (кәсібі)

Шифр	Біліктері мен дағдылары	Білімі	Жеке және кәсіби құзыреттері
Ф 1	Жұмыстың қауіпсіз әдістеріне жұмыс істеушілерді уақытылы және сапалы оқыту, қызметкерлерді аттестаттау (білімдерін тексеру) және нұсқау берудің барлық түрлерін жүргізу. Өндірісте жазатайым оқиғаларды тергеу бойынша комиссия жұмысын ұйымдастыру. Жұмыс орындарына аттестаттау жүргізуде, зиянды өндірістік факторлардың параметрлерін өлшеуге, жабдықтардың, құралдардың жарақаттану қауіпсіздігін бағалауда қатысу. Ұйымның барлық бөлімшелерінің еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі бойынша жұмысын бірыңғай тәртібін ұйымдастыруды қамтамасыз ету және әдістемелік басшылығын жүзеге асыру. Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі саласы бойынша анықталған бұзушылықтарды жоюды бақылау. Еңбек қауіпсіздігінің нормалары мен ережелерін бұзуға жол берген адамдарды жұмыстан шеттету. Халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес біріктірілген менеджмент жүйесін енгізу. Өндірісте жазатайым оқиғаларды, кәсіби аурулар мен профилактикалық шараларды есепке алудың бірыңғай тәртібін (автоматталған ақпараттық жүйені енгізу) енгізу.	Өндірістегі жазатайым оқиғаларға байланысты құжаттардың нысандарын бекіту туралы ереже; ұйымдағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі жөніндегі үлгілік ереже.	Кәсіби дамуға жауапкершілік алу қабілеттілігі; стратегиялық ойлау жүйелілік, жоспарлылы нәтижені болжамдау шеберлігі); бағынышты адамдарды уәждеу шеберлігі; командада жұмыс істе қабілеті, басқа адамдардың қызметін басқару қабілеті; өз жұмысының нәтижелері жауапкершілік; аналитикалық ойлау; ойлаудың жүйелілігі; сабырлық; жұмысқа
	Еңбек жағдайларын жақсартатын ұйымның жарақтандырын, жабдықтар мен механизмдерін, жеке және ұжымдық қорғану құралдарын бақылау. Еңбек заңнамасын, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында ережелер, нормалар мен стандарттардың, жоғары тұрған органдардың қаулы және өкімдерін,	Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту ережесі; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша әдістемелік құжаттар; ұйымның құрылымдық және өндірістік құрылымы, өндірістің негізгі	

Ф 2	мемлекеттік қадағалау және бақылау органдары ұйғарымдарының сақтауын бақылау. Құрылымдық бөлімшелердің жетекшілерімен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жүзеге асыру. Өндірістік жарақаттану профилактикасы бойынша шаралардың орындалуын бақылау.	техникалық процесстері, негізі және режимі; ұйымның жабдықтары және оның жұмыс істеу қағидаты; жұмыс орындарында еңбек жағдайларын зерттеу әдістері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау іс-шараларының орындалуы туралы есептілік жасау тәртібі және мерзімдері.	жоғары қабілеттілі басқа адамдарды оқыт білу және олардың оқу уәжін нығайту; нәтижен жетістігіне көзделуі; бастамашылық; жанасқыштық; әрекетте айқын жоспарлау; мақсаттарға талпыныс табандылығы.
Ф 3	Еңбек жағдайларын жақсартудың кешенді жоспарын әзірлеу және оның орындалуын жүзеге асыруды бақылау. Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу және олармен ұйымның бөлімшелерін қамтамасыз ету. Қызметкерлердің арыздары мен ұсыныстарын өзінің құзыретіне кіретін мәселелері бойынша қарау. Ұйымдағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы жұмысы туралы жиынтық есептерін, ақпаратты, анықтаманы уақытылы ұсынуын қамтамасыз ету. Статистика органдарына еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша есепті дайындау. Денсаулық сақтау және кәсіби қауіпсіздік саясатын енгізу әрі құжаттарын әзірлеу.	Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды және қызметкерлер денсаулығының өзге де зақымдануларын тергеп тексеру және есепке алу ережесі; өндірістегі жазатайым оқиғаларға байланысты құжаттардың үлгісі.	

«Еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі кәсіби стандартына 5-қосымша

Келісу парағы

Р / с №	Ұйымның атауы	Келісілген күні
1	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі	
2	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	
3	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі	
4	Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі	
5	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі	
6	Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі	
7	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	
8	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	
9	Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі	

10	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі	
11	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	
12	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі	
13	Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі	
14	Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі	
15	Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі	
16	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі	
17	Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы	
18	Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы	

Осы КС _____

тіркелді

КС тізіліміне енгізілді, тіркеу № _____,

Хат (хаттама) № _____ Күні _____

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Е ң б е к ж әне х а л ы қ т ы

ә л е у м е т т і к

қ о р ғ а у

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 3

ж ыл ғы

3 1

ж е л т о қ с а н д а ғы

№ 6 9 1

б ұ й р ы ғы н а

10-қосымша

«Ғимаратта рұқсатнамалық жүйені және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қызмет» кәсіби кәсіби стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Ғимаратта рұқсатнамалық жүйені және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қызмет» кәсіби стандарты (бұдан әрі – КС) біліктілік, құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайды және ол мыналарға:

1) еңбек нарығының қазіргі кездегі сұранысына жауап беретін біліктілік талаптарын жаңарту үшін кәсіптік қызметтің мазмұнына қойылатын бірыңғай талаптарды _____ әзірлеуге;

2) персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешуге (персоналды уәждендіру және ынталандыру жүйелерін, лауазымдық нұсқаулықтарды; персоналды іріктеу, тандау және аттестаттау, мансапты жоспарлау _____ жүйелерін _____ әзірлеуге);

3) персоналды кәсіпорындарда оқытудың, кәсіби білім берудің барлық деңгейінде білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, сондай-ақ осы бағдарламаларға оқу-әдістемелік материалдарды _____ әзірлеуге;

4) кәсіптік даярлыққа бағалау жүргізуге және мамандардың біліктілігіне сәйкестігін растауға арналған.

2. КС негізінде ұйымдардың біліктілік мінездемелері, лауазымдық нұсқаулықтары, үлгілік оқу бағдарламалары, үлгілік оқу жоспарлары, корпоративтік стандарттары әзірленеді.

3. Осы КС мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің белгілі бір еңбек қызметі түрінің шеңберінде нақты функцияларды сапалы орындауға дайындығы;

2) біліктілік деңгейі – еңбек іс-қимылдарының күрделілігі, стандартты еместігі, жауапкершілігі мен дербестілігі өлшемдеріне қарай сараланатын қызметкерлердің құзыретіне қойылатын талаптар жиынтығы;

3) еңбек функциясы – бизнес-процесс айқындайтын және оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің болуын көздейтін еңбек іс-қимылдарының кіріктірілген және салыстырмалы түрде автономды жиынтығын білдіретін еңбек қызметі түрінің құрамдас бөлігі;

4) кәсіби қызмет саласы – ортақ интеграциялық негізі бар (міндетті, объектілері, технологиялары, оның ішінде еңбек құралдары ұқсас немесе жақын) және еңбек функцияларының және оларды орындау үшін құзыреттіліктің ұқсас жиынтығын көздейтін еңбек қызметі саласы түрлерінің жиынтығы;

5) КС – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік және құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

6) КС бірлігі – еңбек қызметінің аталған түрі үшін тұтас, аяқталған, салыстырмалы түрде автономды және елеулі болып табылатын нақты еңбек функциясының жан-жақты сипаттамасынан тұратын КС құрылымдық элементі;

7) кәсіп – бұл арнайы дайындық, жұмыс тәжірибесі нәтижесінде туындаған арнайы теориялық білім және практикалық дағдылар кешенін меңгеруді талап ететін еңбек қызметінің түрі;

8) құзыреттілік – еңбек қызметінде білімін, білігі мен тәжірибесін қолдану қ а б і л е т і ;

9) ұлттық біліктілік шеңбері (бұдан әрі – ҰБШ) – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау.

2. КС паспорты

4. КС төлқұжаты келесіні анықтайды:

1) экономикалық қызмет түрі (кәсіби қызмет саласы):

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы (бұдан әрі – 03-2007 ҚР МС) «81.10 Ғимаратта рұқсатнамалық жүйені және қауіпсіздікті қамтамасыз

ету саласындағы қызмет»;

2) экономикалық қызмет түрінің (кәсіби қызмет саласының) негізгі мақсаты: қауіпсіздікті қамтамасыз ету (стратегиялық емес объекті) ғимараттарда рұқсатнамалық жүйесін енгізу және мүлікті сақтау;

3) еңбек қызметінің түрлері, кәсіптері, біліктілік деңгейлері осы КС 1-қосымшада көрсетілген;

5. КС талаптары осы саладағы мынадай кәсіптерге қатысты:

рұқсатнама бюросының кезекшісі;

кезекші әкімші;

комендант;

сақтау камерасының меңгерушісі;

рұқсатнама бюросының меңгерушісі.

3. Еңбек қызметі түрлерінің (кәсібінің) карточкасы

1-параграф «Рұқсатнама бюросының кезекшісі»

6. Еңбек қызметі түрінің (кәсібінің) карточкасы мыналардан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кәсіптер сыныптауышы бойынша базалық топ (бұдан әрі – 01-2005 ҚР МС): 4222 – «Келушілерді қабылдау және ақпарат берумен айналысатын қызметшілер»;

3) лауазымдардың ықтимал атаулары (кәсіп): рұқсатнама бюросының кезекшісі;

4) орындалатын еңбек қызметінің жалпыланған сипаттамасы: ұйымға кіруге (шығуға) немесе оның аумағына көлікпен өтуге (шығуға) құқық беретін рұқсатнамаларды және басқа құжаттарды рәсімдеуді көздейді;

5) ықтимал жұмыс орындары, қызметкердің кәсіби біліміне және оқуына талаптар, біліктілігін дәлелдейтін, сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшадағы тарауда «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Рұқсатнама бюросы кезекшісінің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» келтірілген.

2-параграф «Кезекші әкімші»

7. Еңбек қызметі түрінің (кәсібінің) карточкасы мыналардан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кәсіптер сыныптауышы

бойынша базалық топ (бұдан әрі – 01-2005 ҚР МС): 4222 – «Келушілерді қабылдау және ақпарат берумен айналысатын қызметшілер»;

3) лауазымдардың ықтимал атаулары (кәсіп): кезекші әкімші;

4) орындалатын еңбек қызметінің жалпыланған сипаттамасы: келушілерге қызмет көрсетуді ұйымдастыру, кәсіпорынның қызмет көрсету персоналының жұмысын бақылауды көздейді;

5) ықтимал жұмыс орындары, қызметкердің кәсіби біліміне және оқуына талаптар, біліктілігін дәлелдейтін, сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшадағы тарауда «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Кезекші әкімшінің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» келтірілген.

3-параграф «Комендант»

8. Еңбек қызметі түрінің (кәсібінің) карточкасы мыналардан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кәсіптер сыныптауышы бойынша базалық топ (бұдан әрі – 01-2005 ҚР МС): 4224 – «Шаруашылық қызмет көрсетумен айналысатын қызметшілер»;

3) лауазымдардың ықтимал атаулары (кәсіп): комендант, шаруашылық меңгерушісі;

4) орындалатын еңбек қызметінің жалпыланған сипаттамасы: ғимараттарға қызмет көрсету бойынша жұмыстарға басшылық етуді, оның қарамағындағы мүліктің сақталуын қамтамасыз етуді көздейді;

5) ықтимал жұмыс орындары, қызметкердің кәсіби біліміне және оқуына талаптар, біліктілігін дәлелдейтін, сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшадағы тарауда «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Коменданттың еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» келтірілген.

4-параграф «Сақтау камерасының меңгерушісі»

9. Еңбек қызметі түрінің (кәсібінің) карточкасы мыналардан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4-5;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кәсіптер сыныптауышы бойынша базалық топ (бұдан әрі – 01-2005 ҚР МС): 1229 – «Басқа топтарға кірмеген мамандырылған (өндірістік-пайдалану) бөлімшелерінің (қызметтерінің) басшылары»;

3) лауазымдардың ықтимал атаулары (кәсіп): сақтау камерасының меңгерушісі;

4) орындалатын еңбек қызметінің жалпыланған сипаттамасы: сақтауға тапсырылған материалдық-техникалық құндылықтың сақталуын қамтамасыз ету, оларды уақытында қабылдауды және беруді, жабдықтар, механизмдер мен құрал-саймандардың күйін бақылауды көздейді;

5) ықтимал жұмыс орындары, қызметкердің кәсіби біліміне және оқуына талаптар, біліктілігін дәлелдейтін, сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшадағы тарауда «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Сақтау камерасы меңгерушісінің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» келтірілген.

5-параграф «Рұқсатнама бюросының меңгерушісі»

10. Еңбек қызметі түрінің (кәсібінің) карточкасы мыналардан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4-5;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кәсіптер сыныптауышы бойынша базалық топ (бұдан әрі – 01-2005 ҚР МС): 1239 – «Басқа топтарға кірмеген бөлімшелердің (қызметтердің) басшылары»;

3) лауазымдардың ықтимал атаулары (кәсіп): рұқсатнама бюросының меңгерушісі;

4) орындалатын еңбек қызметінің жалпыланған сипаттамасы: ұйымның рұқсатнама режимінің сақталуын, рұқсатнамаларды беру бойынша жұмысқа басшылық жасауды көздейді;

5) ықтимал жұмыс орындары, қызметкердің кәсіби біліміне және оқуына талаптар, біліктілігін дәлелдейтін, сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшадағы тарауда «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Рұқсатнама бюросы меңгерушісінің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» келтірілген.

4. КС бірліктерінің тізімі

11. КС бірліктерінің тізімі осы КС 2-қосымшасында көрсетілген және КС бірліктерінің шрифті мен атауынан тұрады.

5. КС бірліктерінің сипаттамасы

12. КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 4-қосымшасында көрсетілген.

6. Осы КС негізінде берілетін сертификаттардың түрлері

13. Кәсіби даярлықты бағалау және мамандардың біліктілігіне сәйкестігін растау саласындағы ұйымдар осы КС негізінде сертификаттар береді.

14. Осы КС негізінде берілетін сертификаттардың түрлері осы КС 3-қосымшада көзделген сертификатты алу үшін игеру қажет болатын КС бірліктерінің тізбесіне сәйкес айқындалады.

7. КС әзірлеушілері, келісу парағы, сараптамасы және тіркеуі

15. КС әзірлеушісі «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып табылады.

16. КС келісу парағы осы КС 5-қосымшасында көрсетілген.
«Ғимаратта рұқсатнамалық жүйені және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қызмет»
кәсіби стандартына
1-қосымша

Біліктілік деңгейлері бойынша еңбек қызметінің түрлері (кәсібі)

Р / с №	Қызмет түрінің атауы	Еңбек нарығының үрдісін ескергендегі кәсіптердің атауы	01-2005 ҚР МС сәйкес кәсіптердің атауы	Ұ Б Ш біліктілік деңгейі	Б Т Б А бойынша разряд
1	Ғимаратта рұқсатнамалық жүйені және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қызмет	Рұқсатнама бюросының кезекшісі	Рұқсатнама бюросының кезекшісі	4	-
2		Кезекші әкімші	Кезекші әкімші	4	-
3		Комендант	Комендант	4	-
4		Сақтау камерасының меңгерушісі	Сақтау камерасының меңгерушісі	4-5	-
5		Рұқсатнама бюросының меңгерушісі	Өткізу бюросының меңгерушісі	4-5	-

Ескертпе: БТБА - Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы

«Ғимаратта рұқсатнамалық жүйені және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қызмет»
кәсіби стандартына
2-қосымша

1. Ықтимал жұмыс орындары. Рұқсатнама бюросы кезекшісінің еңбек жағдайларына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)		Барлық меншік нысанындағы ұйымдар мен кәсіпорындар
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		-
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары		-
ҰШБ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
4	Орта техникалық және кәсіби білім	Жұмыс тәжірибесіне талап қойылмайды

2. Ықтимал жұмыс орындары. Кезекші әкімшінің еңбек жағдайларына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)		Барлық меншік нысанындағы ұйымдар мен кәсіпорындар
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		-
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары		-
ҰШБ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
4	Орта техникалық және кәсіби білім	Жұмыс тәжірибесіне талап қойылмайды

3. Ықтимал жұмыс орындары. Коменданттың еңбек жағдайларына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)		Барлық меншік нысанындағы ұйымдар мен кәсіпорындар
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		-
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары		-
ҰШБ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
4	Орта техникалық және кәсіби білім	Жұмыс тәжірибесіне талап қойылмайды

4. Ықтимал жұмыс орындары. Сақтау камерасы меңгерушісінің еңбек жағдайларына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)		Барлық меншік нысанындағы ұйымдар мен кәсіпорындар
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		-
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары		-
ҰШБ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
4	Орта техникалық және кәсіби білім.	Жұмыс тәжірибесіне талап қойылмайды
5	Орта техникалық және кәсіби білім.	Жұмыс тәжірибесі кемінде 2 жыл
	Жоғары білім	Жұмыс тәжірибесіне талап қойылмайды

5. Ықтимал жұмыс орындары. Рұқсатнама бюросы меңгерушісінің еңбек жағдайларына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)		Барлық меншік нысанындағы ұйымдар мен кәсіпорындар
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		-
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары		-
ҰШБ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
4	Орта техникалық және кәсіби білім	Жұмыс тәжірибесіне талап қойылмайды
5	Орта техникалық және кәсіби білім	Жұмыс тәжірибесі кемінде 2 жыл
	Жоғары білім	Жұмыс тәжірибесіне талап қойылмайды

«Ғимаратта рұқсатнамалық жүйені және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қызмет»
кәсіби стандартына
3-қосымша

КС бірліктерінің тізбесі

1. «Рұқсатнама бюросының кезекшісі» еңбек қызметінің түрі (кәсібі)

Шифр	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарт бірліктері)
Ф 1	Ұйымда өткізу режимінің қызметтерін көрсету
Ф 2	Өткізу құжаттарын бақылау және есепке алу.

Ескертпе: Ф - функция

2. «Кезекші әкімші» еңбек қызметінің түрі (кәсібі)

Шифр	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарт бірліктері)
Ф 1	Келушілерге қызмет көрсету және консультация беру
Ф 2	Материалдық құндылықтарды сақталуына бақылауды қамтамасыз етуі

3. «Комендант» еңбек қызметінің түрі (кәсібі)

Шифр	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарт бірліктері)
Ф 1	Ғимаратты және оның аумағын тиісінше реттеп ұстау, сондай-ақ ішкі үй жағдайларды тазала жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру
Ф 2	Қажетті жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру

